

«Ақтөбе облысының білім басқармасы Алға ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Тамды орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің қайта аттестаттау жөніндегі өзін-өзі бағалау нәтижелерінің қорытынды анықтамасы

«Ақтөбе облысының білім басқармасы Алға ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Тамды орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің мемлекеттік аттестаттау нәтижелерінің қорытындысы бойынша кемшіліктер мен ескертулерді жою жұмыстары жүргізілді.

9.3. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы №385 бұйрығымен (нормативті құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №29329 болып тіркелген) бекітілген Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларын (бұдан әрі үлгілік қағидалар) сақтау; 2023-2024 оқу жылында «Балапан» аралас тобында тәрбиеленушілердің саны артық қабылданған, бала саны- 26. Тамды ауылында 2 жастан 4 жасқа дейінгі балаларға арналған тек бір ғана мектепке дейінгі ұйым бар. Осыған байланысты және ата-аналардан түскен көптеген өтініштер негізінде, "Балапан" аралас тобында бекітілген шекті мөлшерден артық балалар қабылданған.

Үлгілік қағидаларға сәйкес, мектепке дейінгі ұйымдардың топтарындағы балалар санының шекті нормасы төмендегідей:

3 жастан 4 жасқа дейін – 15 баладан артық емес.

Алайда, 2023-2024 оқу жылында "Балапан" аралас тобында 26 тәрбиеленуші болды. Бұл жағдайдың туындауына келесі факторлар себеп болды:

- Тамды ауылындағы мектепке дейінгі ұйымдардың шектеулі болуы.
- Ата-аналардың балаларын мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға орналастыру жөніндегі өтініштері.

Ата-аналардың өтініштері және балалардың мектепке дейінгі білім алу құқығын қамтамасыз ету қажеттілігі негізінде, Тамды орта мектебі шағын орталығында бала саны белгіленген шекті мөлшерден асырылды.

Биылғы яғни, 2024-2025 оқу жылында кемшілік жойылып, үлгілік қағидаларға сәйкес шағын орталыққа – 15 тәрбиеленуші қабылданып, ҰБДҚ, «Dara bala» порталына орналастырылды. (Тәрбиеленушілер тізімі, ҰБДҚ, «Dara bala» порталынан «скринкөшірме» қосымша жалғанады).

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы №385 бұйрығымен (нормативті құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №29329) бекітілген "Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларын" сақтау; талаптарына сәйкес, мектепке дейінгі ұйымдардағы жас топтарын күнтізбелік жылдағы балалардың толық жасын ескере отырып қалыптастыру қажет.

Алайда, 2023-2024 оқу жылында 0 "А" мектепалды даярлық сыныбының жасақталуында талапқа сай емес жағдай анықталды. Атап айтқанда: **Ибраймова Інкәр Мадиханқызы** (21.06.2017 ж). 6 жаста қабылданған. Аталған білім алушы отбасы жағдайымен Тамды ауылына көшіп келген. Осы уақытқа дейін мектепалды даярлықтан өтпеген. Ата-ана 1 –сыныпқа беруге келіспеді. Сондықтан, ата-ананың өтінішіне сәйкес мектепалды даярлық сыныбына қабылданды, бірақ, қыркүйектің 5-күні отбасы басқа елді мекенге қоныс аударуына байланысты білім алушылар тізімінен шығарылды. Биылғы, яғни 2024-2025 оқу жылында мектепалды даярлық сыныптары білім алушылардың күнтізбелік жылдағы толық жасын ескере отырып жасақталды. (білім алушылар тізімі, 2023-2024 оқу жылындағы әдістемелік ұсынымға №3-қосымша, ҰБДҚ порталының «скринкөшірмесі» қосымша жалғанады).

12.8. «Өмір қауіпсіздігінің негіздері» міндетті оқу курсы игеру;

12.9. «Жол қозғалысы ережелері» міндетті оқу курсы игеру; мемлекеттік аттестация құжаттарын зерделеуге 2021-2022, 2022-2023 оқу жылдарында «Өмір қауіпсіздігінің негіздері» және «Жол қозғалысы ережелері» міндетті оқу курстарының орындалуы туралы kundelik.kz электронды журналында ұсынылмауының себебі, журналды жүктеу уақытында «Тәрбие сағаты» техникалық ақаулықтарға байланысты жүктелмеді. Акт жасалған болатын, алайда

сайтқа салынбай қалған. Сол себепті, «Өмір қауіпсіздігінің негіздері» және «Жол қозғалысы ережелері» міндетті оқу курстарының барлық сыныптардағы өткізілген бағдарламасы мен өткізілгенін растайтын есепке алу журналы ұсынылды.

2024-2025 оқу жылында 5-8 сыныптардағы «Жол қозғалысы ережелері» оқу курсы сыныптан тыс уақыттарда және сынып сағаты есебінен 10 сағат көлемінде сынып журналының жеке бетінде (ҚББ бөлімінде) сабақтың тақырыбы мен өткізілген күні көрсетіліп жарияланды. (Техникалық ақауға байланысты акт, Bilimklass.kz электронды журналының «скринкөшірмесі» қосымша жалғанады).

Барлық жіберілген кемшіліктер мен ескертулер жойылды.

«Ақтөбе облысының білім басқармасы
Алға ауданының білім бөлімі» ММ-нің
«Тамды орта мектебі» КММ директоры



Л.У.Садуақасова